

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 25-12 "2019-2021 жылдарға арналған Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2019 жылғы 8 тамыздағы № 31-12 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 тамызда № 5540 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106-бабының 4-тармағына, 109-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 25-12 "2019-2021 жылдарға арналған Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне (2019 жылғы 15 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5136 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. 2019-2021 жылдарға арналған Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округінің бюджеті тиісінше осы шешімге 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 18 192,4 мың теңге:

салықтық түсімдер – 7 520,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 10 672,4 мың теңге;

2) шығындар – 20 220,6 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – (-2 027,9) мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 2 027,9 мың теңге;

қарыздар түсімі – 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 2 027,9 мың теңге.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданы
мәслихатының 2019 жылғы
8 тамыздағы № 31-12 шешіміне
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданы
мәслихатының 2018 жылғы
29 желтоқсандағы № 25-12 шешіміне 1-
қосымша

Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округінің 2019 жылға арналған бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы мың теңге
			I. Кірістер	1 8192,4
1			Салықтық түсімдер	7 520,0
	01		Табыс салығы	3 590,0
		2	Жеке табыс салығы	3 590,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	3 930,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	60,0
		3	Жер салығы	300,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	3 570,0
2			Салықтық емес түсімдер	0,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0,0
4			Трансферттер түсімі	1 0672,4
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	1 0672,4
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	1 0672,4
Атауы				
Функционалдық топ				

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			Сомасы
	Бағдарлама		мың теңге
		II. Шығындар	2 0 220,6
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	15 169
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 5 168,8
		001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 4 968,8
		022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	200,0
04		Білім беру	1 956,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 956,0
		005 Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру	1 956,0
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	1 161,8
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 161,8
		006 Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	1 161,8
13		Басқалар	1 934,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 934,0
		040 Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	1 934,0
		III. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
		Бюджеттік кредиттер	0,0
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
		IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
		Қаржы активтерін сатып алу	0,0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
		V. Бюджет тапшылығы (профициті)	-2 027,9
		VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	2 027,9
		Қарыздар түсімі	0,0
		Қарыздарды өтеу	0,0
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	2 027,9
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	2 027,9
		1 Бюджет қаражатының бос қалдықтары	2 027,9

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК